



CENTER FOR  
ANALYTICAL  
RESEARCH &  
EVALUATION



Erasmus+

Jean Monnet Modules

**« ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ  
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ  
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ »**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік  
конференцияның  
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-  
практической конференции**

**«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ  
ВЫСОКОГО КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И  
НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific  
and practical conference**

**«STATE AUDIT IN ENSURING THE HIGH QUALITY OF  
LIFE OF THE POPULATION AND NATIONAL  
SECURITY»**

**АСТАНА 2023**

**УДК 657(069)**  
**ББК 65.052.21**  
**С 23**

**С** Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference «State audit in ensuring the high quality of life of the population and national security» = «Халықтың өмір сүру сапасы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Астана: - 497 б.

**ISBN 978-601-337-851-0**

Жинаққа мемлекеттік аудит органдары қызметкерлерінің, ғылыми қызметкерлердің, ғалым-экономистердің, қаржы саласы және мемлекеттік аудит мамандарының, профессор-оқытушылар құрамының және білім алушылардың халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of employees of state audit bodies, researchers, economists, specialists in the financial sector and state audit, faculty and students on topical issues of state audit in ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады работников органов государственного аудита, научных работников, ученых-экономистов, специалистов финансовой сферы и государственного аудита, профессорско-преподавательского состава и обучающихся по актуальным вопросам государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности

**ISBN 978-601-337-851-0**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023

1. Согласно постановлению Правительства РК от 20 декабря 2018 года №853, Фонду поручено обеспечить финансирование строительства Цифрового офиса в городе Туркестан.

В качестве представителя заказчика строительства Цифрового офиса выступило АО «Samruk-Kazyna Construction» по доверенности выданной АО «Казпочта». При этом, подрядчиком ТОО «Жаңа Арна Құрылыс» внесено обеспечение исполнения договора в пользу АО «Казпочта» не в полном объеме (3% вместо требуемых 5%). Однако, АО «Казпочта» не приняты меры по расторжению договора подряда в связи с невнесением обеспечения договора в требуемом размере.

Согласно результатам правительственного аудита выявлено финансовых нарушений в сумму 163,9 миллионов. тенге, неэффективное составление плана активов в необходимую сумму 678,3 миллионов. тенге, безрезультатное применение активов в необходимую сумму Сорок семь,4 миллионов. тенге, финансовые утраты в необходимую сумму 6,9 миллионов. тенге, 32 прецедента процедурных нарушений а также 2 системных недостатка.

Источники литературы:

1) <https://post.kz/>

2) [https://kase.kz/files/emitters/POST/\\_post\\_f6\\_2019\\_rus.pdf](https://kase.kz/files/emitters/POST/_post_f6_2019_rus.pdf)

3) <https://www.kazpost.kz/uploads/1afc7ece178a4af78a696360a953fa65.pdf>

[https://www.gov.kz/api/v1/public/assets/2021/11/4/cbf01772fde6757580b34b91e427f56b\\_original.173463.docx](https://www.gov.kz/api/v1/public/assets/2021/11/4/cbf01772fde6757580b34b91e427f56b_original.173463.docx)

## **«АЛТЫНАЛМАС» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ АУДИТІ**

**Құрмаш Назерке Нұрланқызы**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

«Есеп және аудит» мамандығының 4 курс студенті

Астана қ. Қазақстан Республикасы

E-mail: Nazerke.kurmash02@mail.ru

Ғылыми жетекшісі – Бекболсынова А. С.

«Мемлекеттік аудит» кафедрасының аға оқытушысы

**Аннотация.** Бұл жұмыста «Алтыналмас» АҚ - ның негізге қызметінің нәтижелеріне аудит жүргізілді. Аудит барысында негізгі қаржылық қызметіне талдау жүргізілді. Тексеру кезінде анықталған жетіспеушіліктер, ауытқулардың әсеріне баға берілді. Аудит қорытындысы бойынша қаржылық нәтижелерді жақсартуға және бағалауға ұсыныстар беріледі.

**Түйін сөздер:** түсім, жалпы пайда, қаржылық қызмет, операциялық пайда, қаржылық көрсеткіштер, пайда мен залал туралы есеп, кәсіпорын балансы.

**Аннотация.** В данной работе описаны результаты деятельности АО «Алтыналмас». В ходе аудита был проведен анализ основной финансовой деятельности. Оценивалось влияние недостатков и отклонений, выявленных в ходе проверки. По результатам аудита даются рекомендации по улучшению и оценке финансовых результатов.

**Ключевые слова:** выручка, валовая прибыль, финансовые результаты, операционная прибыль, финансовые показатели, отчет о прибылях и убытках, бухгалтерский баланс

**Annotation.** This paper describes the results of JSC «Altynalmas». In the course of the audit, the analysis of the main financial activities was carried out. The impact of deficiencies and deviations identified during the audit was assessed. Based on the results of the audit, recommendations for improvement and evaluation of the financial results are given.

**Keywords:** revenue, gross profit, financial results, operating profit, financial performance, income statement, balance sheet.

«Алтыналмас АҚ» акционерлік қоғамы - геологиялық барлау, кен өндіру және алтын өңдеудің толық айналымын қамтыған компания. Алтын құрамдас кенді өндіру компанияға тиесілі 9 Қазақстандық кен орнында жүргізіледі.


Компания активтері еліміздің Жамбыл, Қарағанды, Абай және Ақмола облыстарында орын тепкен.

Пайдалы қазбалар «Ақбақай», «Долинное», «Ақсу» алтын өндіру фабрикаларында, «Пустынное» байыту фабрикасында және «Алтыналмас Technology» құнды металдар шығару зауытында өңделеді.

Компанияда 9 500 астам жоғары білікті қызметкер жұмыс істейді.

Өндіріске 120-дан астам тау-кен техникасы жұмылдырылған.

Кәсіпорынның негізгі қаржылық нәтижелерінің бірі меншікті капиталы болып табылады.



Сурет

1.

«Алтыналмас» АҚ меншікті капиталының динамикасы  
Ескерту – Авторлармен құрастырылған [3],[4],[5]

«Алтыналмас» АҚ - ның меншікті капиталы 2019 жылы 54 049 591 мың теңгені, 2020 жылы 91 508 573 мың теңгені, 2021 жылы 155 396 255 мың теңгені құрады. Жалпы алғанда ұйымның меншікті капиталындағы өсім байқалады. Өсім ұйымның «ҚазақАлтын» АҚ – ның акцияларын сатып алуынан болып тұр. 1-кесте. «Алтыналмас» АҚ пайда мен залал туралы есебін көлденең талдау

	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	Өзгерісі, +,-	
	мың теңге	мың теңге	мың теңге	2019-2020	2020-2021
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	101 604 338	299 914 527	347 847 304	198 310 189	47 932 777
Сатудың өзіндік құны	53 957 589	131 366 327	187 080 346	77 408 738	55 714 019
<b>Жалпы пайда</b>	<b>47 646 749</b>	<b>167 013 003</b>	<b>141 366 989</b>	<b>119 366 254</b>	<b>-25 646 014</b>
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-5 823 550	-40 368 055	-34 806 788	-34 544 505	5 561 267
Іске асыру бойынша шығыстар	-214 869	-1 878 557	-1 353 608	-1 663 688	524 949
Басқа операциялық кірістер	213 226	1 607 987	3 428 904	1 394 761	1 820 917
Басқа операциялық шығындар	-336 812	-2 766 041	-3 384 775	-2 429 229	-618 734
Қаржы активтерінің құнсыздануынан болған залалды қалпына келтіру, нетто	111 833	5 743 512	153 186	5 631 679	-5 590 326
Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан залалды есептеу, нетто	-108 154	-1 377 022	-6 882 641	-1 268 868	-5 505 619
<b>Операциялық пайда</b>	<b>41 488 423</b>	<b>127 974 827</b>	<b>98 521 267</b>	<b>86 486 404</b>	<b>-29 453 560</b>
Қаржылық кіріс	75 139	1 017 295	1 256 952	942 156	239 657
Қаржылық шығындар	-4 537 896	-15 645 246	-24 561 822	-11 107 350	-8 916 576
Теріс бағамдық айырмашылық, нетто	-912 569	-46 179 406	22 010 789	-45 266 837	68 190 195
<b>Салық салғанға дейінгі пайда / (зиян)</b>	<b>36 113 097</b>	<b>67 167 470</b>	<b>97 227 186</b>	<b>31 054 373</b>	<b>30 059 716</b>
Табыс салығы бойынша шығыстар	-2 773 254	-3 925 773	-8 573 640	-1 152 519	-4 647 867
<b>Бір жылғы пайда/(зиян)</b>	<b>33 339 843</b>	<b>63 241 697</b>	<b>88 653 546</b>	<b>29 901 854</b>	<b>25 411 849</b>

Ескертпе: пайдаланылған көздер негізінде жасалған [3],[4],[5]

«Алтыналмас» АҚ пайда мен залалдар есебінің талдауы жүргізілген. Бұл талдауда көріп отырғанымыздай сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімнің өсу динамикасы байқалады, яғни 2019 жылы 101 604 338 мың теңгені құраса, 2020 жылы 299 914 527 мың теңгені, 2021 жылы 347 847 304 мың теңгені құрап, жалпы 2020 жылы 2019 жылға қарағанда 198 310 189 мың теңгеге өссе, 2021 жылы 2020 жылға қарағанда 47 932 777 мың теңгеге өскен. Бұндай өсімнің басты себебі сатып алушылармен жасалған шарттардың көбейіп, ұйымның өнім өндіру көлемі артып, соған байланысты сату көлемінің өсуінен болып тұр.

Соған сәйкес сатудың да өзіндік құны өндірілген өнімнің көлеміне сәйкес өсіп тұр. 2019 жылы 53 957 589 мың теңгеге, 2020 жылы 131 366 327 мың теңгеге, 2021 жылы тиісінше 187 080 346 мың теңгеге өскен.

Жалпы пайда бізде 2019 жылы 47 646 749 мың теңгені, 2020 жылы 167 013 003 мың теңгені, 2021 жылы 141 366 989 мың теңгені құрады. Жалпы пайданың бұндай ауытқуы негізінен сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім мен сатудың өзіндік құнына байланысты болып тұр. Осыған сәйкес ұйымның жалпы әкімшілік шығыстары мен басқада операциялық шығындарында өсу динамикасы байқалып тұр. Бұған басты себеп өндіріс көлемінің артқанынан бізде оған тиісінше кететін шығыстарды жыл санап артып отырғанын байқап отырмыз.

Ал негізгі қызметтен түскен операциялық пайда бізде 2019 жылы 41 488 423 мың теңгені, 2020 жылы 127 974 827 мың теңгені, 2021 жылы 98 521 267 мың теңгені құрады. 2021 жылғы операциялық пайданың түсуіне үлкен әсер етіп тұрған бұл жалпы әкімшілік шығыс пен қаржылық емес активтерінің құнсыздануынан болған залалдын есебінен болғанын көріп отырмыз. Жалпы алғанда ұйымның пайда мен залал туралы есебінен оның түсімімен таза пайдасының артқанын көріп отырмыз, яғни бір жылдағы пайда 2019 жылы 33 339 843 мың теңгені, 2020 жылы 63 241 697 мың теңгені құрап, бір жылғы пайда 2020 жылы 2019 жылға қарағанда 29 901 854 мың теңгеге артқанын көріп отырмыз.

2-кесте мәліметтеріне сәйкес «Алтыналмас» АҚ - ның түсімі 2019 жылы 101 604 318 мың теңгені, 2020 жылы 299 914 527 мың теңгені, 2021 жылы 347 847 304 мың теңгені құрады. Кестедегі мәліметтерге сай түсім 2020 жыл мен 2021 жылы күрт артқанын көріп отырмыз. Оған әлемдік нарықтағы алтынға деген сұраныстың артып, алтынның құнының өсуінен болып тұр. Сәйкесінше жалпы табыста бізде өсу динамикасы қалыптасқан. 2019 жылы 47 646 749 мың теңгені, 2020 жылы 167 013 003 мың теңгені, 2021 жылы 141 366 254 мың теңгені құрады. Ал сатудан пайда немесе операциялық пайда 2019 жылы 41 488 423 мың теңгені, 2020 жылы 127 974 827 мың теңгені, 2021 жылы 98 521 267 мың теңгені құрады, яғни сатудан пайда бізде өндірілген алтын сатудан түскен пайданы білдіреді. Оның алдыңғы жылдарға қарағанда артуының басты себебі ұлттық банктің өзінің алтын қорын көбейтуіне байланысты алтынға деген сұраныстың артқанынан болып отыр.

2-кесте. «Алтыналмас» АҚ пайда түрлерінің динамикасы

Көрсеткіш	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	Абс. ауытқу	
				2019-2020	2020-2021
Абсолютті қаржылық көрсеткіштер, мың тенге					
1. Түсім	101 604 338	299 914 527	347 847 304	198 310 189	47 932 777
2. Жалпы табыс	47 646 749	167 013 003	141 366 989	119 366 254	-25 646 014
3. Сатудан пайда	41 488 423	127 974 827	98 521 267	86 486 404	-29 453 560
4. Қаржылық-шаруашылық қызметтен пайда	37 025 666	113 346 876	75 216 397	76 321 210	-38 130 479
5. Салық салғанға дейін пайда	36 113 097	67 167 470	97 227 186	31 054 373	30 059 716
6. Кезеңдегі пайда	33 339 843	63 447 047	88 653 546	30 107 204	25 206 499
Пайданы құрылымдық талдау, %					
6. Түсімдегі сатудан пайда үлесі	40,83	42,67	28,32	1,84	-14,35
7. Түсімдегі қаржылық-шаруашылық қызметтен пайданың үлесі	36,44	37,79	21,62	1,35	-16,17
8. Түсімдегі салық салғанға дейін пайданың үлесі	35,54	22,40	27,95	-13,15	5,56
9. Түсімдегі таза пайданың үлесі	32,81	21,16	25,49	-11,66	4,33
Шығындар сыйымдылығының деңгейі	0,23	0,27	0,29	0,04	0,02

Ескертпе: пайдаланылған көздер негізінде жасалған [3],[4],[5]

Ал қаржылық

шаруашылық қызметтен пайда сәйкесінше 2019 жылы 37 025 666 мың теңгені, 2020 жылы 113 346 876 мың теңгені, 2021 жылы 75 216 397 мың теңгені құрады. Ұйымның негізгі таза пайдасы 2019 жылы 33 339 843 мың теңгені, 2020 жылы 63 447 047 мың теңгені, 2021 жылы 88 653 546 мың теңгені құрап, 2021 жылы рекордтық көрсеткішке жетті.

Түсімдегі сатудан пайданың үлесі 2019 жылы 41%-ды, 2020 жылы 43%-ды, 2021 жылы 28%-ды құрады. Бұл жерде төмендеу динамикасын байқап тұрмыз, яғни бұл бізде ұйымның негізгі операциялық пайдасынан түсетін ақша ағынының төмендеп, инвестициялық пен қаржылық қызметтен түсетін ақша ағынының көбеюінен болып отыр. Ал түсімдегі қаржылық-шаруашылық қызметінен түскен пайданың үлесі 2019 жылы 36%-ды, 2020 жылы 37%-ды, 2021 жылы 21%-ды құраған.

Ал шығындар сыйымдылығының деңгейіне келетін болсақ ұйымның кірістері бізде шығындарды жаппайды, яғни 2019 жылы 23%-ын ғана жапса, 2020 жылы 27%-ын, 2021 жылы шығындардың 29%-ын жабуға жеткілікті. Жалпы алғанда ұйымның операциялық пайдадан түскен түсімінің сатудан түскен түсімнен аз болуы ұйымның сыртқы көздерінен тәуелді екенін көрсетіп отыр.

Қорытындылайтын болсақ, «Алтыналмас» АҚ - ның негізгі қызметінің қаржылық нәтижелеріне талдау барысында ұйымның негізгі көрсеткіштері, пайдасы және кірістері мен шығыстары туралы ақпарат алынды.

Жүргізілген аудит негізінде қаржылық нәтижелерінде туындаған кемшіліктер, көрсеткіштердің жетспеушілігі анықталған болатын. Сол көрсетілген нәтижелер негізінде ұйымның қаржылық нәтижелерін жақсарту бойынша ұсынстар әзірленді:

1. Ұйым нарықтағы алтын бағасын ескере отырып, оны өндірумен ғана емес, өңдеуге де көңіл бөлуі керек. Алтын ұйымдарын шығарып, өз пайдасын көбейтуге мүмкіндігі бар.

2. Қоғамның негізгі қызметінің қаржылық көрсеткіштерін қалыптастыру кезінде салалық ерекшеліктерін есепке алу керек.

3. ҚР Үкіметінің шешімімен 2023 жылдан бастап, бағалы металлдары өндіретін ұйымдарға ҚҚС - тан босату туралы шешім қабылданды. Сол үшін ұйым шет елдерге экспорт жасау бойынша батыл шешімдер қабылдауы керек.

## Әдебиеттер тізімі

1. «Алтыналмас» АҚ ресми сайты АҚ: <https://www.altynalmas.kz>
2. Нормативтік құқықтық акт:  
[https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=36680604](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36680604)
3. «Алтыналмас» АҚ-ның 2019 жылғы қаржылық есептілігі: [almsf6\\_2019\\_cons\\_2-4.pdf](#)
4. «Алтыналмас» АҚ-ның 2020 жылғы қаржылық есептілігі: [almsf6\\_2020\\_cons\\_rus.pdf](#)
5. «Алтыналмас» АҚ-ның 2021 жылғы қаржылық есептілігі: <https://e-auction.gosreestr.kz>

### «ЭЙР АСТАНА» АҚ-НЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ АУДИТІ

Қыдырбаева Малика Сейлбекқызы

Есеп және аудит - 41 тобының 4 курс студенті

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: [vip.malika02@mail.ru](mailto:vip.malika02@mail.ru)

Ғылыми жетекші: Бекболсынова А.С.

«Мемлекеттік аудит» кафедрасының аға оқытушысы

**Аннотация.** Бұл жұмыста «Эйр Астана» Акционерлік Қоғамының қаржылық жағдайының аудиті қарастырылған. Ұйымның экономикалық және қаржылық жағдайының кешенді тексеру, қаржы есептілігіндегі ақпараттың дұрыстығын тексеріп, сондай-ақ оның даму перспективаларын талдау және бағалау қарастырылған. Компанияның қаржылық жағдайының аудиті тұрғысынан мәселелерді айқындай отырып, кемшіліктерді байқауға, жұмысты үйлестіруге және жағымсыз салдардың қаупін төмендетуге мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** аудит, коэффициенттер, қаржылық есептілік, қаржылық тұрақтылық, анализ, ауытқу.

**Annotation.** In this project, the audit of the financial condition of the joint-stock company «Air Astana» is considered. It provides for a comprehensive audit of the